



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Созақ аудандық мәслихаты

ШЕШІМ

№5 07.08.2023ж

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы

кезектен тыс алтыншы

сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс алтыншы сессиясы 2023 жылғы 15 тамыз, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы **О.Жәмиев**

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс алтыншы сессиясы 2023 жылғы 15 тамыз, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 15 тамыз, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2023 жылғы 15 тамыз, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:

Созақ аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 желтоқсандағы «2023 - 2025 жылдарға арналған ауылдық округтер және кенттер бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Созақ аудандық мәслихат төрағасы **О.Жәмиев**.

Биыл жыл басынан шілдеге дейінгі аралықта бейрезиденттердің (бір мемлекетте заңды немесе жеке тұлға саналатын, бірақ басқа елде тұрақты тұратын азамат – ред.) Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарына және Ұлттық

ның болуы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының тиімділігін арттырады. Басқа елдердің тәжірибесі көрсеткендей, шетелдік портфельдік инвестициялардың әкелінуі қарыз алу құнын төмендетуге мүмкіндік береді және қорландырудың

ты қамтамасыз етті. «Шетелдік инвесторлардың қызығушылығы Ұлттық банк пен Қаржы министрлігінің өзара белсенді коммуникациялық саясатына да байланысты. Жыл басынан бері шетелдік инвесторлармен бірқатар кездесу

Бейрезиденттер салымы көбейді

банкнің ноталарына салған салымдары жиынтықта 559 млрд теңгеге дейін артқан, яғни 178 млрд теңгеге өскен. Бұл – 2022 жылғы наурыздан бергі ең жоғары мән. Бейрезиденттердің ноталарға қатысуы 6 млрд теңгеге, ал Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарына қатысуы 171 млрд теңгеге артыпты.

Қаржы министрлігінің облигацияларына салынған инвестициялар ең жоғары тарихи деңгейге дейін өсіп, қазір 453 млрд теңге болды. Өткен жылы бейрезиденттердің портфельдік инвестицияларының дамушы елдерден әкелілгені байқалған еді. Оның әсері бізге де тиіпті: 2022 жылы бейрезиденттердің кетуі (-) 214 млрд теңге болды. Сол жылы халықаралық инвесторлардың тәуекел сентименті өзгергенін де көріп отырмыз.

«Бейрезиденттердің мемлекеттік бағалы қағаздарға келуінен нарыққа берер оң әсері туралы айтар болсақ, онда инвесторлардың, оның ішінде шетелдік инвесторлардың ауқымды шоғыры-



қосымша көзіне айналады», дейді Ұлттық банк Монетарлық операциялар департаменті басқармасының бастығы Олжас Иғсатов.

Бейрезиденттер Қазақстанның мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу үшін алдымен біздің нарықта өз валютасын сатып, теңгені сатып алуы қажет. Осылайша жыл басынан бері бейрезиденттер шамамен 400 млн доллар сатқан. Бұл өз кезегінде валюта нарығында қосымша ұсыныс-

өтті. Соның барысында отандық нарықтағы мемлекеттік бағалы қағаздардың келешегі мен тартымдылығы туралы айтылды. Сонымен қатар қазіргі уақытта мемлекеттік борыш нарығында бастапқы дилерлер институтын енгізу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Ол да нарықты дамытуда және оның өтімділігін арттыруда қосымша қадам болады», дейді Ұлттық банк өкілі.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тұрғындарды жеке мәселесімен қабылдады.

Жиынға бірқатар ауыл округ әкімдері мен бөлім басшылары қатысты. Аудан басшысының қабылдауына ауыл, кент округтерден 15 тұрғын келіп, өздерін толғандырған мәселелерін жеткізді.

Жеке қабылдауға келгендердің біразы тұрғын үй мәселесі бойынша жүгінсе, біршама азаматтар жұмыс және әлеуметтік мәселелерін жеткізді.

Қабылдау барысында әрбір тұрғынның жеке мәселесін тыңдап, бірқатарына заңдылыққа сәйкес жауап беріліп, тиісті сала мамандары тарапынан түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, әлеуметтік мәселе бойынша жүгінген тұрғындарға көмек беру үшін бар мүмкіндікті пайдаланатынын айтып өтті. Бұл жөнінде жауапты мамандарға арнайы тапсырмалар жүктеп, орындалу барысын бақылауда ұстайтынын айтты.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан орталығында газ құбырларының құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан көшелерді аралап, жайкүйімен танысты. Онда мердігер мекеменің өкілдерімен тілдесіп, жұмыс сапасына баса мән беру керектігін айтты.

-Соңғы уақытта тұрғындар тарапы-

орналастырылған көшелерге қосымша техникалар жұмылдырылып, көше тұрғындарына қолайсыздық тудырып отырған кемшіліктер толықтай жойылады. Қалпына келтіру жұмыстары сапалы түрде жасалады», дейді.

Осы ретте, аудан басшысы жауапты мамандарға жасалып жатқан жұмыстарға аса жауапкершілікпен

ШОЛАҚҚОРҒАН АУЫЛЫНДА ЖҮРІП ЖАТҚАН ГАЗБЕН ҚАМТУ ЖҰМЫСТАРЫ

нан жасалып жатқан жұмыстарға сын-ескертпелер көп айтылуда. Басым бөлігі газ құрылысы бойынша қазылып, құбырларды көму барысында бірқатар кемшіліктер орын алып жатқандығын алға тартуда. Елдің игілігіне бағытталған істер халыққа қолайсыздық тудырмай, сапалы әрі өз уақытында жүргізілуі тиіс,-деген аудан басшысы Мұхит Сәрсенбайұлы жауапты сала мамандарына жұмыстардың талапқа сай жүргізілуін бақылауда ұстауды тапсырды.

Мердігер мекеме өкілдерінің айтуынша, «қазіргі таңда мұнда жұмыс жасап жатқан техникалар газ құбырын қазып, көмуге арналған. Жақын күндері полиэтиленді газ құбырлары



қарауды қатаң ескертті. Айта кетейік, аудан орталығында жүріп жатқан газ құбырларының құрылыс-монтаждау жұмыстары биылғы жылы толығымен аяқталады.

«Созақ үні»-ақпарат.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2023 жылдың 27 тамызға тағайындалған Жартытөбе ауылдық округіне әкім лауазымына тіркелген кандидаттар

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері	Ұсыну тәсілі	Тіркелу күні
Бихан Мұрагер Ғабитханұлы	02.03.1991ж	Бас маман, заңгер Созақ ауданының Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты ММ-сі. Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қарақұр ауылдық округі, Құрманғазы көшесі №48	өзін-өзі ұсынуымен	06 тамыз 2023 жыл
Қалдыбекұлы Тұрар	20.09.1988ж	Кенесші, іс басқарушы Созақ ауданының Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты ММ-сі. Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау ауылдық округі, Абай көшесі №21 үй	өзін-өзі ұсынуымен	06 тамыз 2023 жыл
Жүсіпов Данияр Елшібекұлы	14.06.1994ж	Кенесші, іс басқарушы "Созақ ауданы Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты ММ-сі. Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе ауылдық округі, Т.Әлімқұлов көшесі №21 үй"	«AMANAT» партиясы ұсынуымен	06 тамыз 2023 жыл

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Хабарландыру

Созақ аудандық ардагерлер кеңесі жанынан құрылған «Әжелер алқасының» 10 жылдығын атап өту мақсатында облыстық ардагерлер кеңесінің бекіткен кестесіне сәйкес, ауданда «Әже-ұлт ұйытқысы» атты байқау өтеді. Байқаудың мақсаты ұрпақтар сабақтастығын жан-жақты дамыту және аға-буынның өмір тәжірибесін пайдалану, ұмыт болып бара жатқан ұлттың салт-дәстүрлердің жандануына, жастар тәрбиесіне атсалысу болып табылады.

Байқау 2023 жылдың II тамызында сағат 10-00-де аудандық ардагерлер үйінде басталып, сағат 11-00-де аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында жалғасады. Аудан тұрғындарын байқауды тамашалауға шақырамыз.

к/сы	Іс-шараның мазмұны	Өтетін орны	Жауаптылар
1	«Әже-ұлт ұйытқысы» тақырыбына лэд экран дайындау	Аудандық мәдениет үйі	Аудандық мәдениет бөлімі
2	Аудан бойынша жергілікті жерлердегі «Әжелер алқасының мүшелерінің және Құмкент ауылындағы «Ақ әжелер» хорының қойылымға қатысатын ардагерлердің келуін қамтамасыз ету	Аудандық мәдениет үйі	Бастауыш ардагерлер ұйымының төрағалары, әжелер алқасының төрайымдары, ауыл, кент округ әкімшіліктері
3	Қазақтың салт-дәстүрінен «Ерулік» беру салтының қойылымын дайындау	Аудандық мәдениет үйі	Аудандық «Әжелер алқасы», аудандық мәдениет үйі
4	Белсенді әжелерді алғыс хатқа, сый-сияпатқа ұсыну және оларды дайындау	Аудандық мәдениет үйі	Аудандық ардагерлер кеңесі, аудан әкімшілігінің ішкі саясат бөлімі
5	Байқауға арналған билбордтар дайындау	Аудандық мәдениет үйі	Аудандық ардагерлер кеңесі, аудандық мәдениет үйі.
6	Аудандық ардагерлер үйінің алдына киіз үй тігу, оны безендіру. Көрме ұйымдастыру (кол өнер бұйымдары, колөнер шеберлері)	Аудандық ардагерлер үйінің алдындағы алаң	Аудандық ардагерлер кеңесі «Әжелер алқасы» аудан әкімшілігінің ауыл шаруашылығы бөлімі
7	Аудан ардагерлерінен құрылған «Сырлы Созақ» хор ұжымының концерттік бағдарламасын көрсету	Аудандық мәдениет үйі	Аудандық «Әжелер алқасы», мәдениет үйі.
8	Әжелер мен ардагерлердің бейбіт шеруін ұйымдастыру. Ішкі істер бөліміне хат дайындау жүріп өтетін көшелерде тәртіп мәселесін ұйымдастыру	Жібек жолы көшесі	Аудандық ардагерлер кеңесі, ішкі саясат бөлімі мен ішкі істер бөлімі
9	Әжелер байқауына көрермендерді шақыруды ұйымдастыру	Аудандық ардагерлер үйі. Аудандық мәдениет үйі. (алаңда)	Аудандық ардагерлер кеңесі, аудан әкімшілігі
10	Сахналық қойылым көрсету. «Ерулікке бару», «Келін түсіру» т.б	Аудандық мәдениет үйі (сахнада)	Аудандық әжелер алқасы, аудандық мәдениет үйі, Құмкент ауылының «Әжелер алқасы».
11	Салтанатты шара а) аудан әкімінің құттықтауы б) облыстық ардагерлер кеңесінің құттықтауы в) аудандық мәслихат төрағасының құттықтауы г) «Аманат» партиясының төрағасының құттықтауы д) Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасының құттықтауы марапаттар мен сый-сияпаттарды тапсыру	Аудандық Мәдениет үйі (сахнада)	Аудан әкімшілігі, аудандық мәслихат, «Аманат» партиясы, Аудандық ардагерлер кеңесі
	Қорытынды Түскі ас мәзірі	Кафедра	Аудан әкімшілігі, аудандық ардагерлер кеңесі

Аудандық ардагерлер кеңесі. Аудандық «Әжелер алқасы».

ЖОЛ ТӨСЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан орталығында асфальт жабындысы төселіп жатқан көшелерді аралап, жұмыс сапасын назарға алды. Аралау барысында Жеткіншек елді мекеніне барып, асфальт жабындысы төселген орталық көшесінде болды. Онда жолдың сапасын бақылап, жауапты мамандарға ендігі кезекте жол белгілерін орнату қажеттігін айтып, ол жөнінде бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Сондай-ақ аудан орта-

лығындағы Қаламбаев көшесінің жалғасы, Жамбыл көшесінің жалғасы мен Жібек жолы көшесінің қосындысы, Нұрлы жол көшесі, Өмірбеков және Төлендіевті қосатын көлденең көшені аралап, жүріп жатқан асфальт жабындысын төсеу жұмыстарының барысын бақылады. Мердігер мекеменің өкілдерімен тілдесіп, жауапты сала мамандарына жасалып жатқан жұмыстарға тиянақтылықпен қарап, бақылауда ұстауды ескертті.

КӨРКЕЙТУ, КӨГАЛДАНДЫРУ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Жартытөбе ауылында болып, көркейту, көгалдандыру шаралары бойынша жасалған жұмыстармен танысты.

Сапар барысында «Астана» саябағында болды. Онда

тұрғындардың жайлы өмір сүруі мен халық игілігі үшін берілген нысанды күтіп ұстау ауыл округ әкімдігінің міндеті екеніне тоқталып, алдағы уақытта осы бағыт бойынша жұмыстарды үйлестіру керектігін айтты.

Сондай-ақ ауылдың ішкі көшелерін аралап, бұған дейін халық сұранысына орай жасалу керек жұмыстар мен жүктелген тапсырмалардың орындалу барысын назарға алды. Жауапты мамандармен аралау барысында туындаған мәселелерді саралап, қосымша бірқатар тапсырмалар жүктелді.

«АБАЙ ДАРА, АБАЙ ДАНА ҚАЗАҚТА»



Аудан әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен аудан орталығындағы «Тәуелсіздік» саябағында Абай Құнанбайұлының 178 жылдық мерейтойының қарсаңында «Абай дара, Абай дана қазақта» атты мерекелік шара өтті.

Абай шығармашылығына арналған тағылымды шарада оқырмандар арасында Абай Құнанбайұлының шығармашылық әлемін кеңінен насихаттау мақсатында «Әдеби бәйге» ұйымдастырылды. Онда жас оқырмандар Абай өлеңдері мен қара сөздерін жатқа оқып, өз өнерлерін ортаға паш етті. Сонымен қатар, әсем ән орындап, жиналған жұртшылыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қазақтың ақбас тұқымы пайданың көзі



Бұрындары еліміздің мал шаруашылығы саласы отандық асыл тұқымды ірі қараның өнімділігін арттыруға қатысты жүйелі селекциялық жұмыстарды қарқынды жүргізген. Соның ішінде ең көп тараған қазақтың ақбас тұқымы тәуелсіздік алған жылдары 2 миллионға жеткен. Бірақ, өкінішке қарай, 2000 жылдардың басында олардың саны 75 мыңға дейін қысқарған. Тек соңғы он жылдың көлемінде елдегі мал шаруашылығын қайта жаңғыртудың арқасында ақбас тұқымды сиыр саны 500 мыңға жуықтап отыр. Кеңес уағында еліміздің жергілікті малымен сырттан әкелінген британдық герфорд бұқаларын будандастыру арқылы таңылған қазақтың әйгілі ақбас сиырының пайда болғанына да жетпіс жылдан асыпты. Жүргізілген селекциялық жұмыс нәтижесінде аталған сиыр тұқымы 475 кг-нан 511 кг дейінгі аралықта салмақ тартып, жергілікті сиыр малымен салыстырғанда 200 кг артық болған. Бұл экономикалық тұрғыдан алғанда, мал өсіру тиімділігінің артқанын көрсетеді. Қазіргі таңда Қазақтың ақбас тұқымы республикалық палатасында 15 мың ірі қара мал басын құрап отырған фермер бар. Палата қазақтың ақбас тұқымының гендік қорын сақтау және дамыту үшін асыл тұқымды алдыңғы қатарлы мал шаруашылығы базасында бұқашықтардың өнімділігіне байланысты қанадалық технологияда сынақ жүргізеді. Ақпарат құралдары беттерінде: «Бұл күндері елімізде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде жоғары сұранысқа ие әрі әлемнің көптеген елінде Қазақ ақбас брендімен танылған қазақтың ақбас сиырына қызығушылық артып отыр. Аталған ірі қара малын шетелдік технологиялар арқылы сынақтан өткізуіміз адамдар арасында сенімділікті ұлғайтып, Батыстың сынақ жүйесі талаптарына сәйкес келуімен қатар, импорттық тұқымнан біздің жергілікті малымыз еш кем түспейтіндігін әрі кейбір тұстары одан да артық екендігін дәлелдейміз,» деген еді Қазақ ақбас тұқымы республикалық палатасының атқарушы директоры Дәурен Матақбаев мырза. Болашақта палата ақбас сиырының тұқымын экспортқа шығарып, танымалдығын арттыруды жоспарлап отыр. Бұл малдың артықшылығы, еліміздің далалы және шөлейт аудандарының табиғи жағдайына бейімделгендігі және тез жетілетіндігімен қатар еттілігінде. Сонымен бірге Созақ ауданында ақбас сиырына деген сұраныс мол. Сол себепті осы сиыр тұқымын шетелдіктерге лайықты түрде танытуға негіз бар дейді мамандар. Сонымен бірге Созақ ауданында ақбас сиырына деген сұраныс мол. Бүгінгі күні Созақ ауылынан «Созақ ет шаруашылығы» шаруа қожалығы, Әлібеков Еркебұлан 150 мүйізді ірі қара, Қарақұр ауылынан «Сенім» шаруа қожалығы, төрағасы Асанов Еркін Тынысбекұлы 625 бас, Шолаққорған ауылынан «Ата Қоныс» шаруа қожалығы, төрағасы Сәбитов Мұхтар 17 бас Ақбас мүйізді ірі қара басқа да ірілі-қсақты шаруашылықтарда өсірілуде. Және де ақбас сиырларын өсіріп жатқан шаруашылықтар республикалық қазақ ақбас тұқымы палатасына тіркеліп жатса, алдағы

уақыттарда өздеріне қажетті мемлекеттік қолдаулар мен ақпараттармен ұдайы бөлісіп отырады. Мұны да тиісті бөлімдер ескергендері жөн болар еді. Қазақтың ақбас сиыры – сиырдың етті тұқымы. Қазақ және қалмақ сиырларын герфорд бұқасымен будандастыру арқылы 1932 – 50 жылдары Қазақстан мен Ресей шығарылған. Тұқым құрамында 11 зауыттық желісі бар, оның 9-ы Қазақстанда. Бұл тұқым республиканың далалы және шөлейт аудандарының табиғи жағдайына бейімделген. Түсі қызыл, басы, құйрығының ұшы, әуесі, бауыры мен сирағы ақ болады. Етті малға тән белгілері өте айқын, тез жетіледі. Кеудесі кең, етті, аяқтары қысқа, берік келеді. Сақа бұқасы орта есеппен 800 – 900 кг (кейде 1100 – 1300 кг), сиыры 450 – 500 кг (кейде 520 – 580 кг), 7 – 8 айлық еркек танасы 200 – 220 кг, ұрғашы танасы 180 – 200 кг тартады. 15 – 18 айлығында еркек тайынша тәулігіне 900 – 1000 г, ұрғашы тайынша 700 – 800 г салмақ қосады. Ет түсімі 57 – 60%. Қазақтың ақбас сиыры Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының бірқатар шаруашылықтарында өсіріледі. Тұқымды шығарған бір топ ғалымдарға (Н.З. Ғалияқбаров, Б.М. Мусин, т.б.) К берілді (1950). Елімізде мал шаруашылығын дамыту мен ет өнімін ұлғайтуға бағытталған жұмыстар ұдайы жүргізіліп келеді. Алдағы уақытта экспортқа 60 мың тонна ет өндіріп, сатылымға шығару жоспарланған. Бүгіндері республика бойынша экспортталатын еттің көлемі 17 мың тоннаны құрайды. Табыс көзі осы салаға айналғандықтан, еліміздің батысы мен шығысы және оңтүстік өңіріндегі қожалықтар, серіктестіктер мен ұжымшарлар үлкен қызығушылық білдіріп, тұқымның генетикалық әлеуетін асыруда селекциялық жұмыстармен де айналысады. Мемлекет тарапынан агроөнеркәсіп кешенін дамытуға қолдау көрсетіліп келеді. Дегенмен ішінара өзіміздің отандық өндірушілеріміз тасада қалып, шетелдік өндірушілерге барынша жағдай жасалып жататыны бар. Соның салдарынан

біздегі кейбір фермерлер қаржы жағынан қиындыққа тап болады. Ал аталған мемлекеттік қолдау шаралары негізінен импорттық өндірушілерге бағытталып дайындалғандай. Бұған себеп, осыдан біраз бұрын отандық сиырды сатып алу үшін бір малға 150 мың теңге, импорттық малға 300 мың теңге және сүт бағытындағы жергілікті сиыр үшін 150 мың, ал импорттық сауын сиырына 400 мың теңге субсидия бөлінді. 2020 жылы елімізге шетелдік селекциядан сегіз мыңға жуық ірі қара мал басы әкелініп, асыл тұқымды мал үлесі 8,8%-дан 16,3%-ға артқан. Халық қалаулылары үкіметке бұл мәселенің шешімін қарастыруды агроөнеркәсіп кешенін дамытудың ұлттық жобасына отандық асыл тұқымды малға берілетін субсидия мөлшерін арттырып, шаруашылықтардан асыл тұқымды малды сатып алу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жеңілдікпен несие беруді және пайыздық мөлшерлемені төмендету керектігін ұсынған еді. Ал мұндай қаржылық қолдауға бірінші кезекте мал өсірумен айналысатын шаруалар зәру екендігі ескерілуге тиіс.

Сонымен биыл мемлекет тарапынан агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 1 трлн теңге бөлінді. Фермерлерге ақпан айынан бастап «Агроөнеркәсіп кешенін субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесі» іске қосылды. Онда бөлінген қаражаттың толық игерілуі және тиісті адамдарға жетуі үшін субсидиялаудың шарты өзгерген. Асыл тұқымды мал шаруашылығымен айналысатындарға отандық және импорттық малдың сүттілігіне қарай 300 мың теңге, ал етті малдың 1 басына 200 мың теңге деңгейінде бірыңғай норматив енгізілді. Ауыл шаруашылығы министрінің мамандары: «Бұл асыл тұқымды мал өсірушілерге бәсекелестікті арттыру үшін тең жағдай қарастырылып отыр. Сонымен қатар аграрийлерді субсидиялауда министрлік тарапынан бірқатар міндеттеме қойылды. Аталған талаптарға сәйкес мемлекеттен қаражат көмегін алған фермерлер өнім көлемін азайт-

пауы қажет. Мәселен, мал өсірумен айналысатын шаруалар ірі қара басын жыл сайын 5%-ға өсіріп отыруы керек. Яғни 100 бас ірі қарадан 80 бас төл алынуға тиіс. Қаржы ауыл шаруашылығының нақты дамуы үшін бөлініп отырғандықтан, кәсіпкерлер өз жобаларының бизнес-жоспарда көрсетілген мерзімге сай жүзеге асырылуын қадағалауға тиіс. Ол мониторинг жүргізу кезінде де автоматтандырылады», дейді. Осы жылға бөлінген 52,4 млрд теңге қаражат толығымен кәсіп бастаушы немесе шаруасын дамытқысы келетін ауыл тұрғындарын несиелендіруге бағытталды. Микронесие ауыл шаруашылық техникасы мен құрылғыларын лизинг пен кооперативке арналған инвестициялық субсидия алуға мүмкіндік береді. Несие мерзімі мал шаруашылығына – 5 жыл, ал ауыл шаруашылығы кооперативін құруға 7 жыл белгіленді. Аталған қанатқақты жобаны іске асыру 2024 жылы 74,6 млрд теңге көлемінде, 2025 жылға 76,7 млрд теңге шамасында қаржымен жоспарланып отыр. Айта кету керек, бұдан бұрын да «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуда кешенді жұмыстар жүргізілгені бар. Онда субсидиялау тәртібі автоматтандырылып, қазақтың ақбас тұқымын өсірумен айналысатын фермерлерге үйде отырып субсидия алуға өтінім беру жағы қарастырылған болатын. Малшылар үшін мемлекеттік қолдау бойынша жаңа бизнес-идеяларды іске асыруда микронесие мен мемлекеттік гранттар бөлініп, «Бастау-Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздері тегін оқытылды. Қазіргі нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес халықаралық келісімдер аясында ірі қара малды біріздендіру әрі цифрландыруды жүзеге асыруда еліміздің мал шаруашылығындағы селекциялық асыл тұқымды малдың жаңа цифрлық платформасын құру қолға алынды. Бұл туралы жақында Қазақтың ақбас тұқымы республикалық палатасының жыл сай-

ынғы отырысында айтылған. Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев ақпарат көздерінде берген сұқбаттарының бірінде: «Бұл геномдық талдауды пайдалана отырып, селекция мен өсімін көбейтудің заманауи әдістерін енгізу, бағалау үдерістерін автоматтандыру және жануарлардың асыл тұқымды қасиеттерін бағалау есебінен селекциялық-асыл тұқымды жұмысын жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік береді» деген болатын. Сонымен қатар мал шаруашылығы өнімдерін өткізудің жаңа нарығын ашуға бағытталған шаралар іске асырылып, өсіресе ветеринарлық қызметтің тиімділігін одан әрі арттыруда цифрландыру жұмыстары іске асырылып, ветеринарияның заңнамалық базасын жетілдіруде дайындалған ұсыныстар Парламентте қаралып жатқандығын жеткізді. Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі мәлімдегендей, қазіргі таңда мал шаруашылығы саласында жануарлардың генетикалық әлеуетін жетілдіруде және арттыруда, асыл тұқымды өнімдерді есепке алуда пайдаланылатын әрі селекциялық үдеріске тартылатын жануарлар туралы деректерді жинаудың, жинақтаудың және өңдеудің автоматтандырылған жүйесі іске қосылып, оның ақпараттық қоры жұмыс істейді. Өткен жылы қазан айында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы және биоотын айналымының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Аталған заң аясында селекциялық-асыл тұқымды жұмыстарын жетілдіру мақсатында жаңа бағалау әдістері қосылып, геномдық бағалау, индекстік бағалау және молекулалық генетикалық сараптама жүргізу жұмыстары енген. Осыған орай, қазіргі таңда селекциялық-асыл тұқымдардың жаңа цифрлық платформасы аталған заңға сәйкес жаңартылып, мал бастарын асылдандыру ісінде жаңа геномдық және индекстік бағалауды пайдалану жұмыстарын автоматтандыру арқылы жаңа деңгейге жеткізуге күш салынды. Аталған жаңартулар республикалық палатаның атқарып отырған жұмыстарын одан әрі жеңілдетіп қана қоймай, қазақтың ақбас тұқымды ірі қара малын ұлттық брендке айналдыруға ықпал ететін болады. Мемлекеттік қолдау шараларының арқасында мал шаруашылығы саласының экспорттық әлеуеті артып келеді. Бүгінде генетикалық қасиетімен ерекшеленген қазақтың ақбас ірі қара тұқымы іс жүзінде ұлттық брендке айналуына мүмкіндігі зор екенін тағы бір дәлелдегендей.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Отбасы ізгіліктің ошағы

Халқымызда «Отан-отбасынан басталады» деген қанатты сөз бар. Отбасы – шағын мемлекет. Жанхыда жақсылықкебейсе, қоғамда ізгілік салтанат құрады. Қоғам түзелсе – мемлекеттің мерейі тасып, мәртебесі артады. «Екі жақсы қосылса, ай мен күндей», «Үйде береке болса, дастарқанда берекет болады», деген ұлағатты сөздер бар. Бұл сөздерде отбасы құндылықтары мен үлкенді сыйлау, береке мен ынтымақ мәселесіне зор баға берілген.

Жұртымыз тектілікке ерекше мән берген. Текті болу дегеніміз – өнеге мен әдептіліктің ғасырларға жалғасқан үрдісін сақтау. Қазақ халқында Ислам дінімен ұштасқан, тамаша қалыптасқан отбасылық құндылықтар мен тәрбиенің озық үлгісі бар. Тәрбиенің бұл тамаша озық үлгісі ғасырлар сынынан өткен, ұлағат пен өнеге сіңген зор тағылымдар құндылығының жиынтығы деуге болады.

Осы ретте жанхя жарасымын сақтап, шаңырақтың шаттығын арттыратын бірнеше факторлар мен игі амалдарға тоқтала кетуді жөн көрдік.

Отбасы құндылығын арттыратын игі амалдың бірі – ата-ананы қадірлеу. Алла Тағала қасиетті Құранда әкешеге қалай құрмет көрсетуге керек екенін баяндаған: «Раббың өзіңе ғана ғибадат етулеріңді, әкешеге жақсылық жасауларыңды әмір етті. Ал егер ол

екеуінің бірі немесе екеуі де жаныңда кәрілікке жетсе, Оларға «Түп» деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ, оларға зекіме де және ол екеуіне сыпайы сөз сөйле. Ол екеуіне кішірейіп, мейірім құшағын жай да: «Раббым! Олар мені кішкентайымда тәрбиелегеніндей Сен де оларды рахым-мейіріміңе



бөлей көр!» («Исра» сүресі, 23-24-аяттар).

Алла Тағала ата-анамызға дауыс көтеру былай тұрсын оларға кейіс білдірмеуді бұйырған. Ата-анасының батасы мен разылығын алмаған баланың бағы жана қояр ма? Майлықожа жырау: «Қарамай кетсең анаға, Қаларсың босқа табаға. Ата-ана көңілін қалдырған,

Баланың бағы жанарма?», - деп жырлаған екен.

Жанхяға жақсы қарау-ізгіліктің бастауы. Аптаның кем дегенде бір күнін отбасына арнаған абзал. Өйткені, баламен сұхбаттасу, онымен ойнау, жарыңмен сырласу, баланың болашағына қатысты жұмыстарды жоспарлау, т.б. амалдар

рыңда жанхясына ең жақсы қарайтын менмін», - деген. Үй шаруаларына көмектесу, баланың сабағына араласу, оның мектептегі жиналысына қатысу, үйірмелерге апару, отбасы мүшелеріне сыйлық беру, жанхямен саяхаттау, т.б. амалдар сүйіспеншілік пен бауырмалдықты арттырады.

Міне, Ислам дінінде осылайша отбасы мүшелерінің өзара сыйластығы реттелген. Отбасы қарым-қатынастарының тұтас қоғамға әсер ететіндігі баяндалады. Егер отбасы тату болса, қоғамда да тұрақтылық орнайды. Отбасында ынтымақ болса, қоғамда да бірлік пен тыныштық салтанат құрады. Отбасы мәселесі сол қоғамға айрықша әсер етеді.

Отбасы бірлігі бекем болса болашағымыз да баянды, ұрпақ тәрбиесі де ұлағатқа толы болмақ.

Лұқман хәкімнің: «Барлық нәрсенің құралы бар, амалдың құралы – кішіпейілділік», - деген сөзінде де үлкен мән жатыр. Қоғамда адамдар бір-біріне қаншалықты кішіпейіл болған сайын олардың арасында соншалықты сүйіспеншілік, бауырмалдық, бірлік сынды қасиеттер қалыптасады.

Заманында би болған Саққұлақ дейтін данышпаннан сыйластық туралы сұраған екен. Сонда Саққұлақ би: «Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмай-

тыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – адал өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық пен ізгілік», - деп жауап берген екен.

Асылында, туған елдің ынтымағы мен бірлігін, тыныштығы мен тәуелсіздігін бейбіт күнде өмір сүрген қазіргі ұрпақтан, түрлі майдан мен жорықтан, соғыс пен сұрапылдан көз аспаған алдыңғы ата-бабаларымыз тереңінен ұққан. Ұғып қана қоймай, ел мен жердің қадіріне жете біліп, Отанды сүюдің шын үлгісін көрсетіп кетті.

Бүгінгі таңда азат елдің таңы арайлап атуы үшін батырларымыз секілді басты бәйгеге тігіп, соғыс майданында жүру міндет емес. Қазір елдіктің ертеңі – бірлігі бекем хәм білімі мықты ұрпақтардың қолында. Заман – оқығандікі. Надандықпен өткен тарихыңды, туған тіліңді, дәстүрлі дініңді, саралы салт-ғұрпыңды білмесең «бірлік», «береке» деген ұғымдардың мәні тұрмақ, мағынасын білмей өтпекпіз. Өз ұлттың тереңінен танып, оны шынайы сүюге ұмтылғанда қоғамның ынтымағы үшін бас біріктірудің шын үлгісін көрсете алмақпыз.

Д. АМАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтаарал ауданындағы дінтанушы маманы

31 мамыр тар жолда тайғақ кешіп, ұлтының қамы үшін азар да безер болып, мұз шайнап, от кешкен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Қатал да қасіретке толы бұл мейрам өткенді еске түсіріп, көзге жас шырлатады. Ұлы террорлық әрекет қазақ баласын аямай орға жығып, тірілей құздан итерді. Елім деп емешегі үзілген қазақ интеллигенциясының бетке ұстарлары: А.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, О.Жандосов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, Т.Рысқұлов, С. Асфендияровтар суық қарудың көзіне ілінді.

1937-1939 жылдар аралығында қазақтың бас көтерер зиялысының көпшілігі қуғын-сүргін құрбанына айналды. Сол кездегі қатігез саясат нәтижесінде қуғын-сүргінге ұшырағандардың жақындары да жапа шекті. Зерттеушілер деректеріне сүйенсек, осы кезең аралығында Кеңес Одағының құрамында болған Қазақстанда 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған және 25 мың адам ату жазасына кесілген. Сол жылдары қазақстандық ғылым, мәдениет және саясат саласының зиялы қауым өкілдері атылған.

Сонымен қатар, біз бұл күні 1932-33 жылдардағы ашаршылық құрбандарын еске аламыз. Тек Қазақстанды ғана емес Ресей, Украина, Беларусь жерлерін қамтыған алапат ашар-

шылық миллиондаған жанның өмірін жалмады. Оның ішінде нәубет жылдары Қазақстаннан 1,5 миллион адам аштықтан ажал құшты.

Танымал қазақ зиялылары, Алаш қайраткерлері түгелге жуық саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың отбасы мүшелері де жазықсыз құдалау көрді. Жалған айып тағылғандардың қатарына 1931-1933 жылдардағы қазақтардың жаппай қырылуына байланысты ашық наразылық білдіріп, Қазақстан халқының мқорғағандар да қосылды.

30-жылдардағы Қазақстан жөніндегі саясат осындай сынақ мақсатында жүргізілді. Бүгінгі күннің бойынша ол мынадай перспективаларды көздеді:

Саяси салада: қазақ халқының тілі мен т жою, саяси тәуелсіздігі, шынайы егемендігінен айыру, Қазақстанда «Кіші Қазан» жоспарын жүзеге асыру;

Әлеуметтік-экономикалық салада: Қазақстанды елдің шикізат базасы ретінде дамыту, қазақ халқын отырықшылыққа көшіру мен а жұмыдастыру;

Ұлтаралық қатынастар саласында: ассимиляция саясатын жүзеге асыру есебінен республиканың ұлттық әлеуетін (күшқуатын) «жақсарту».

Кеңес үкіметінің Қазақстан-

шаңырақтың шырайын кіргізіп, берекесін арттырады. Жұмыс бастылық отбасылық жоспардан үстем болмауы тиіс. Өйткені, жанхя – бәрінен биік тұратын құндылық.

Мұхаммед пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: «Сендердің ең ардақтыларың жарлары мен балаларына жақсы қарағандарың. Арала-

Ұлттың қаймағын сүзген...



дағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының жалпы саны, ғалымдардың есептері бойынша 3,5 млн адамды құрады. Алайда бұл сан да нақты емес, өйткені 20-40-жылдары тұтқындалған мыңдаған адамдардың тағдыры әлі күнге шейін белгісіз болып отыр.

Қазақ даласының етегіне сор боп жабысқан ашаршылық, нәубет жылдары халқымызды кенедей қырып кетті. Жалпы ақпаратқа сүйенер болсақ ашаршылық қазақ даласында 1929 жылы бірінші рет болып, кейін 1932 жылы қайталанған. Бірінші ашаршылықта бірнеше

миллион халық қырылған болса, екіншісінде одан да көп халық аштықтан көз жұмған еді. Ал індеттен аман алғандары тау кезіп, шекара асып босып, тозып кетті.

Қуғын-сүргіннің, негізінен, қоғамды, ұлтты алға жетелейтін үш топқа қарсы бағытталды. Олар — кәсібімен әлеуметті ұйытып, жұрттың дәулетін құрап отырған бай адамдар; ұлттың ақыл-ойы болып табылатын зиялы қауым және халықты имандылыққа тәрбиелейтін дін өкілдері.

Өткен ғасырдың басында

халқымыз зымыян зұлмат зобалаңын бастан өткерді. Аштық пен саяси репрессия, ашөзек қуғын-сүргін Алаш арыстарын қынадай қырды. Халқымыздың өсімі мен өркен жаюын тежеді, ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдерін басып-жаншыды. Ұлт қаймақтары өз жерінде халық жауы атанып, кінәсіз сотталды, жазықсыз атылды. Солақай саясат сойқаны, сұм заман қасіреті қазақ ұлтының қалыптасу тарихындағы қаралы таңбадай ел мен ұрпақ жадынан еш өшпек емес.

Ашық аспан астындағы бейбіт өміріміз бен Көк Туымыздың желбірегені ел үшін тәуекелге басын тіккен ата-бабаларымыздың еңбегінің жемісі мен нәтижесі. Осы азаттықты армандап, Қазақстанның бүгінгідей ел болып қалыптасуына үлес қосқан, тәуелсіздікті аңсаған бабалар рухына тағзым ету – бүгінгі ұрпақтарының азаматтық парызы.

Б.ӨТЕГЕН,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» атты трактаты білім жүйесінде ерекше орын алатын шығарма. Яғни, Шәкәрімнің «Үш анықтағы» мақсаты ар түзейтін бір ғылымды табу болғандықтан, өмір бойы осы жолда ізденген. Трактатын жазуға даярлықты 1898 жылдан бастап кірісіп, отыз жылдай ізденіп, жиған-тергенін өз ой көрігінен өткізіп, қорытындыны 1928 жылы аяқтағанын көреміз.

Неге Шәкәрім еңбегін «Үш анық» деп атаған. Сонда «анық» дегеніміз не?

XIX ғасырдың 30-жылдарында дүние өздігінен, жаратушы ие жоқ деген жол тұйыққа тірелді. Сол кезде позитивизм деген ағым пайда болды.

Оның қалыптасуы негізінен француз Огюст Контқа қатысты айтылады, ол метафизиканы сынға алған. Ол кезде метафизика деп философияны айтатын. Конт позитивистік түйіндерді алты ғылымнан: математика, астрономия, физика, химия, биология және социологиядан тапты. Позитивизм кейінірек тарам-тарам болып бүгінгі дейін жеткен. Шәкәрім осы позитивизм ағымымен күресті.

Шәкәрім айтады: «Огюст Конт позитивизм (шын анық) деген бір жол шығарды. Оның қорытындысы мынау: көзіміз көріп, өзге сезімімізбен әбден анықталмаған хәм жаралыс жолы физика ғылымымен тексеріліп, шындығына көзіміз жетпеген нәрсеге әуре болмайық», - деген.

Шәкәрім позитивизмді қазақшаға «анық» деп аударған. Сонда не анық? Көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіген анық па, әлде анық сыры өзгерісте ме? Өзгеріс анық, бірақ көзбен көріп тұрғаны анық па? Шәкәрім Контты сынады: «Адамда жаралыс жолынан да, жоғары бір қуат барын сезетін болғандықтан, күн сайын бұрын сыры білінбеген нәрсе табылып, бұрын тіпті мүмкін емес дегендеріміз жай дағдылы нәрсе болып, оны күнде пайдаланып отырғандықтан, ол Конттың сөзінде сөздер адамды жаралыс жо-

Қазіргі күнге дейін зерттеуші ғалымдар тарапынан діннің анықтамасына көптеген пікірлер айтылып, ой толғап келді. Дін – қоғамды белгілі бір деңгейде қалыптастырушы, ортақ тәртіпті сақтаушы, адамдарды ізгілік пен махаббатқа біріктіруші құрал ретінде өз қызметін атқаруда. Қазіргі таңда жер бетінде 8 млрд-қа жуық адам өмір сүруде. Сонымен қатар әрбір азамат пен азаматшаның діни ерік бостандығы халықаралық ұйымдардың және мемлекет заңымен берік қорғалған. Яғни қандай да бір қоғам өкілі христиан немесе ислам дінін қабылдаймын десе өз еркі дегенге саяды. Тарихи хронологиялық кесте бойынша адамзатқа түскен ең жас дін – әрине ислам діні. Ислам діні – барша халықты бірлікке, ынтымаққа шақырушы бейбітшілік діні. Себебі Құран Керім аяты мен хадис шәріптерге назар аударар болсақ өзге дін өкілі болмақ түгілі өзге мұсылманның қанын төгуді арам санаған және Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) өсиетінде: «Дінде зорлық жоқ. Дін насихат», - деп мұсылмандарға хақ жолды баяндап кетті. Өкінішке қарай, әлем сахнасында ислам, мұсылман атын жамылған лаңкестік ұйымдар мен топтар ислам дінін қол шоқпарға айналдыру үрдісі көрініс беруде.

Радикализм (латынша radix – түбір, түп, тамыр) – белгілі бір көзқарасты



лынан жоғары қуатты ойланудан тоқтата алмайды», - деген.

Шәкәрім заманында философ, ойшыл, данышпан дегендер дүние туралы айтқандары бұлдырлай берді. Түсінікті-ау дегендерді терістеп түсініксіздікке айналдыра бастаған философтар қалыптасты. Ақыл сенбейтін сөздер көбейді. Осы жағдайда позитивизм ағымы қоғамдық талқыға түсе бастады. Оның объективтік негізі Батыс Еуропада нарық және нарықтық қатынастар нығая бастауында еді. Нарыққа дерексіз философияның қажеті шамалы. Америка Құрама Штаттары өңірінде позитивизмнің өзге түрі «прагматизм» өмірге келіп, күш алды.

Қара сөзбен жазған «Үш анық» толымды, мағынасы терең шығарма. Қазақ ғылымында мұндай шығарма Шәкәрімге дейін жазылмаған. Әрине, есімізге хақим Абайдың қара сөздері, әсіресе отыз сегізінші сөзі оралады. Шәкәрімнің «Үш анығының» ерекшелігі, ол өзі ғұмыр кешіп отырған замандағы ғылымның, техниканың, философияның, діни, өзге де қоғамдық ғылымға қатысты ілім, теория, жаңалық деректерді

Шәкәрімнің үш анығы

және иррационалды: спиритизм, телепатия, т.б. сол кезде жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтар сияқты қаптаған ақпараттарды талқыға салған. Осылардың анық-қанығын атолыққанды шолу жасаған.

Бірінші анық: Жаратушы білімі. Егер себепсіз бар болған Атом немесе Нұр десек, олар қозғалыста. Ал қозғалыстың өлшеулері бар. Ол қозғалыстың абсолюттігін айтып отыр. Қозғалыстың себебі – себепсіз себепте, яғни түп Жаратушыда. Ал ол түп себеп өлшене ме? «Өлшеулі нәрсе өзі бар болған емес», - дейді Шәкәрім. Олай болса, өлшеусіз нәрсенің бар болғанын қалай білмекпіз. Өлшеусіз нәрсені ғылымда абсолют дейді.

Түп себептің өлшеуі жоқ. Ол Жаратушы білімі. Жаратушының өзі де абсолют, Жаратушының білімі де абсолют. Хақим Абайдың «Апланың өзі де рас, сөзі де рас» дегеніндей.

Екінші анық: Жан туралы. Адамзат тарихында жан мәселесімен айналыспаған, пікір айтпаған ғұлама жоқ. Жан туралы айтылған, жазылғандарда есеп жоқ.

Жанның мәңгілігі деген мәселені өлімге қатысты түсіндіріп көрген Шәкәрім: «Мен жан жоқ, өлген соң өмір жоқ дегенге таңғаламын. Оларға мұндай сөзді қандай ой айтқызып отыр екен? Осы кезде жанның барлығына, өлген соң да жоғалмайтынына күндей жарық дәлелдер табылып тұрса да, нанып қалған, әдет алған шатақ діннен шыға алмаған молдаларша қатып қалу – ақыл ісі ме? Бір адам жанының өлген соң да жоғалмай, мұнан таза, жоғары болатынын ақылы мен қабылдап нанса және бір адам жан өлген соң бір жола жоғалады деп таныса, осы екеуі өлерде есі дұрыс болып, өлерін біліп өлсе, екеуі не жаймен өледі? Әрине жанның өлген соң тазарып, жоғарылайтынына нанған кісі қуанышта болып, жоғалуына нанған кісі өкініште болып, біржола жоғалдым-ау деп өлсе керек», - деген екен.

Үшінші анық: Ұждан туралы. Шәкәрім пайымдауынша, жанның екі өмірдегі азығы ұждан. «Адамдығы нысап, әділет, мейірім үшеуін қосып айтқанда, мұсылманша-ұждан». Абай да, Шәкәрімнің өздері де ар деген

ұғым қолданады. Ар білімі дегенде ұждан, нысап, әділет, мейірім дегендер Ар білімі құрылымдары.

Шәкәрім ілгеріде өзі айтып жүрген Ардың орнына неге Ұжданды айтты десек, сірә, ол араб тіліндегі оқыған көп кітаптарының ықпалы болса керек.

Сондықтан үшінші анықты жанның екі дүниеге азығы болатын Ар білімі десек, артық емес. Мұқият оқыған адам «Үш анықта» ар білімі туралы айтылып отырғаны белгілі болмақ. Бірінші анық Алла Тағаланың алғашқы білімі болса, екінші анық жанның мәңгілігі туралы пайым, үшінші анық – ар білімі. Шәкәрім: «Мен сол ұждан қайдан шығып тұр десем, оған жауап жоқ сияқты», - дейді. Бірақ жауап бар. Жанды қиянатқа жұмсайтын нәпсі. Жан қиянатқа ұшыраса, оның арасы – Ар. Бұл екі дүниеде қатысты сөз.

Нәпсі жанды қинағанда, күнәлі болғанда «ар соты» деген болады. Мұны жалғанның ісі десек, бақида қалай болмақ, Шәкәрім пайымында ар соты о дүниеде болмақ. Пенде Жаратушысына жауап бермек, пенде қойылатын сауалдарға даяр болмақ. Олай болса, бұл жалғанда пенденің жүретін бір ғана жолы бар, ол мұсылмандық жолы дейді Шәкәрім. Данышпанның өзін тыңдалық: «Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты».

Шәкәрімнің өзінің философиялық трактатында айтқысы келген «үш анығы» мұсылмандық жолға бастамақ.

А.СЕЙДУӘЛІ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

ғана дұрыс деп тану, тек соны ғана жақтау деген мағынаны білдіреді. Мұндай ұстаным қалыптасқан қоғамдық дәстүр мен үрдістерді, көқарас пен институтты өз идеологиясына қарай өзгертуге бағытталады. Яғни тек менікі ғана дұрыс деп өзгені адасты,

еді. Кезінде Мұхаммед ибн Абдулуахабтың соңынан ерушілер Мекке мен Мәдина қаласын басып алғаннан кейін сахабалардың мазарын қиратқаны секілді мұсылмандардың басына қойылған мазарларды қиратып, намаз

еліміздегі дінтанушы-психолог мамандардың көмегі арқылы түзеліп қалыпты өмірге қайта оралып, қоғамдық ортаға бейімделуде. Өздерінің тек біз ғана ақиқатты ұстанушымыз деген ойланы түбінде жарға жыққанын түсініп, қателіктерінен сабақ алып, өзі секілді

Радикалды ұстаным қауіпті құбылыс

шатасты деген көзқарасты ұстану. Зерттеушілердің пікірінше, тарихтың ауыспалы кезеңдерінде пайда болатын бұл феномен қоғамның саяси және әлеуметтік саласында жиі көрініс береді.

Елімізде де радикалды бағытты ұстанушы «Ат-такфир уәл-хижра» ұйымының іс-әрекеттері қалың көпшіліктің жағасын ұстартып әрекеттерімен танылды. Намаз оқымайтын анасының істеген тамағын ішпей тоғыз ай тоғыз күн көтерген анасына «кәпір» үкімін беріп шешесінен бас тартып Алла алдында үлкен күнәні істеп, өзін періштедей пәк көрді. Ал шындығында Алла елшісі: «Кімде кім Алладан басқа тәңірдің жоқтығына иман келтірсе, жұмаққа кіреді», - деп сүйіншілеп кеткен

оқымағандарды күпірлікпен айыптап соңы қарулы қақтығысқа ұласқанын еліміз әлі күнге ұмыта қойған жоқ. Сирия мен Шам жеріндегі соғыстарға «жиһад» ұранымен бесіктегі баласын қоса алып кетуге мәжбүр еткен де дәл осы радикалды көзқарастары еді. Дегенмен жан-жақты дипломатиялық және әскери іс-қимылдар нәтижесінде шетел аскері қаракөз қандастарымызды елімізге қайтару ісі өз нәтижесін беруде. Алайда жат-жерде жүріп ақыл-санасы намаз оқымағандарды кәпір санатқызған радикалды көзқарасын жусан иісі емдеуде. Дәстүрді ұстануға болмайды деп, бет-аузын қара матамен тұмшалап паранжа киген қыз-келіншектер мен жас жеткіншектер жалған қағидадан

адамдардың қайталамауын өтінуде.

Радикалды ұстаным тек қазақ елі үшін ғана емес әлем үшін де әрдайым қауіпті. Себебі өзге адамның діни сеніміне күшпен ену арқылы жол табу бейкүнә адамдардың өмірін қиюға алып келуі мүмкін. Ал бұл адамзат алдында кешірілмес қылмыс. Өзге адамдардың діни құлшылығын мансұқтап, тек меніңкі ғана дұрыс жол деген жақсақ пікірден сақ болып адамгершілік, ар-ожданымызды сақтайық.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.

Таскөміргің таңын сүйген тау қызы

Арысы Алматы, Астана, берісі Шымкентте ары кетсе бес-он күн жүріп сары сағымды Созаққа сағыныспен асыға кері қайтамыз. Шаяннан өтіп асудан асқанда туған жердің керім ауасы жан дүниенің рахатқа бөлейді. Жолдың екі қапталы жайқалған дала шөбі, сай салалы бел-белестер, егістіктер мен екпе дақылдар жайқала желмен тербеледі. Өне анау жылт етіп төбесі көрініп, қалтарысқа тығыла түскен баяғы Мұхаммед көкеміздің қара шаңырағы. Созақ өңірінің ересек азаматтары түгелге жуық танитын Лабазановтар осы Таскөмірсайда тұрады. Тәуелсіздігімен қайта жаңғырған қазақ мемлекетінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры жылдар өткен сайын бекіп, нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл-көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан сындарлы жылдар санатына кіреді. Біз де осындай жолмен өтіп келеміз.

«Ер татулығы-ел татулығы» демекші, Қазақстан Республикасы әлемде татулығы мен ұлтаралық бірлігі жарасқан ел ретінде танылған. Қазақстанның кең байтақ дархан жерінде жүздеп астам ұлт өкілдерінің татулық діңгегі ажыраған емес. Осындай достық пейілі таза, байланысы берік шешен ұлтының өкілдері, Олар Қазақстан атты кең байтақ далада мекен етумен қатар, Тәуелсіздігімізді қадірлеп, нағыз достығын танытып келеді.

Біздің ауданда осындай достық пейілдегі жандар ғұмыр кешуде. Олар мұнда өз кәсіптерін дөңгелетіп, қазақ елі экономикасының өркендеуі жолында сүбелі үлестерін қосып келеді. Олардың үлкендері Лабазан ата еді. Оның ұлы Мұхаммедті Созақ ауданы жақсы танитын, құрмет тұтатын. Өйткені, қазақ елімен ағайындай араласып, жақсылығымен алыс-жақын ағайынына жаққан жан болды. Тектіліктің белгісіндей болған осы Созақтан Шешенстанға намыс көрнеп, ел үшін аттанған екі қыздың ерлікті өлімі ел есінде мәңгілікке сақталып қалды. Олар туралы қаншама өлең, жыр, әңгімелер мен естеліктер жазылды. Шешенстанның халық батыры атағы берілді. Олар Айша мен Фатима еді. Есімдерін бауырлас елі берген екі арудың есімі Созақ елінде де талай әңгімеге арқау болады. Қаратаудың қайсарлығын бойына жиған қос қарлығаштың ерлігі аңызға айналды.

-Ия, біз басымыздан өткен көптеген қиыншылықтарды әкелеріміз бен аталарымыздан естіп өстік. Міне, сондай бір жайтты бүгін еске алып отырмын. Менің әкем Қадыр 1944 жылы саясаттың ықпалымен айдауымен жүздеген отбасы, мыңдаған адам Қазақстанға жер аударған екен. Әкемің туған ағасының да отбасы сол айдауда болған. Қақаған қыста жүк вагонына тоғытылған ерлер, әйелдер, балалардың тірі қалғандарын Қазақстанға апарып оншақты отбасынан



әр ауылға орналастырған екен. «Соғыс тауқыметін тартқан қазақ бауырларымыз біздің жағдайымызға көп қарайласты. Өздері аш жаңалаш болса да бір үзім наныммен бөлісті. Кішкентай ғана қоржын тамдарының бір бөлмесін бізге берді. Жылы қабақ танытып, тағдырдың тәлкегіне түскен тағдырымызды тіршілік етерліктей жағдайға жеткізді. «Жат-сыңдар!» деп бөлектеген жоқ. Көктем шыға еңбекке араластырды. Қиын қыстау кезеңде қазақтар қол ұшын берді», - деп отырушы еді әкем. «Ия, әкемің ағасы сондай жақсылығы мол қазақ жерінде қалыпты». «Қайтейік жағдай бар да басына барып бір құран бағыштай алмадық қой»-деп күрсінетін еді әкем. Міне, одан бері қаншама жылдар өтті. Жазықсыз айдалғандардың біразының Қазақстанда ұрпақтары бар. Біразы өз Отанына қайтып келді. Ол жақтағы бауырларымыз қазір де қазақ халқымен тату-тәтті өмір сүруде. Оның ішінде елге танымал азаматтар қаншама. Өздері туып өскен Қазақстан үшін тер төгіп еңбек етуде. Қазақтардың ағайындай болып кеткен. «Бірлік бар жерде-тірлік бар»,-дегендей дана халық ол жақтағылардың бірі өз істерін дөңгелетуде. Әр отбасының өзін тән кәсібі бар. Сол үшін мен Қазақ халқына басымды иіп алғыс айтпақпын. Қазақстандағы ағайындарымыз, қазақ бауырларымызға амандық, отбасылық бақыт пен береке тілеймін. Еркіндіктің заманында ерінбей еңбек етіп әр отбасы табысты болсын. Бірлік берекемізге айналсын демекпін,-деген болатын Шешенстан Республикасының басшысы Рамзан Қадыров 2021 жылғы бірінші мамырда «Қазақстан» телеарнасына берген сұқбатында.

Ертеректе көзі тірісінде Лабазанұлы Мұхаммед көкеміздің айтқан есті естелігін оқыдым. Онда былай деген екен:

-Бізді партияның сарбаздары 1944 жылы туған елден осында әкелді. Бір пойыздың үш вагонында жүзге жуық адам қақаған қыста Қазақстанға айдалдық. 1939 жылдан бастап соғыс тауқыметін көрген халыққа, бұл ауыр соққы болды. Өз еліңнен жыраққа айдалу, қандай қасірет десеңші?!

Жаурап, жасынап тағдырдың тауқыметімен Қазақстанға келген соң, бәрімізді бөліп-бөліп әр қалаға, әр ауданға әкеп тап-

сырды. Менің пешенеме, осы Созақ бұйырыпты. Алғаш Таскөмірсайдағы көмір кенішінде істедім. Кейін көмір кеніші жабылып, Заготскоттың кеңсесі ашылған соң, осы мекемеде бөлім басшысы болдым. Әр совхоздан келген малдың басын біріктіріп, Таскөмірсайда тұрақтап қалдық. Қарамағымда екі малшы болды. Бірі майда малға, бірі ірі малға қарады.

Атам қазақ «Еңбек еткен ерге бітер» демекші, мал жиналды, жағдай жақсарды. Ол кездері халықтың көбісі мені «Лабазан» деп атап кетті. Әйтпесе, азан шақырып қойған атым-Мұхаммед. Лаба-



зан әкемің есімі. Аллаға шүкір, мейірімді, ақкөңіл, қонақжай қазақ халқының ортасында бес қыз, екі ұл дүниеге келді. Бәрінің кіндік қаны тамған киелі осы Созақтың топырағы. Лайла, Рашат, Ахмет, Имухамед, Хадиша, Фатима, Айша деген есімдердің біршамасын осы қазақ ағайындарым қойған. Қазақ бауырларымыздың адами жақсылықтарын көп көрдім. Әкем мен шешемнің қорымының басына бір уыс топырақ салған осы Созақтың қазақтары. Сонау Шешенстаннан төрт-бес ағайын ғана келген едік. Елмен етене туыс, бауыр болып кеттік. Бүгінге досым да сыйласым да осы елдің ұрпақтары. Қызметті бірге атқарып жүріп,

ағайын-туыстай болып кеттік. Бойымызда мұсылмандық қанымыз болғаннан кейін бе, бар сыйласым осы ел ұрпағы. Қызметті бірге атқарып жүріп, ағайын туыстай болып кеттік. Бойымызда мұсылмандық қанымыз болғаннан кейін бе, бар сыйласым осы елде. Осы елде 13 немере, 9 шөбере көрдім. Зейнеттік жасымда қуанышым да байлығымда осылар. Алланың жақсылығы ақша құралды, мал жиналды. Соның арқасында елге сыйлы, ағайынға ардақты, досқа бұырдай жақын болдым. Барымды осы өзімді қиын-қыстау заманда қанатының астына алып паналатқан елмен бөлістім. Базарымды да, бақытымды да, қайғым мен қуанышымды да осы елмен бірге көрдім, бірге бөлістім. Сондықтан болар қиналғанға қол ұшын созуға құштар болдым. Алланың бергеніне де алғанына да шүбә келтірген жоқпын. Айша мен Фатима қызым өз еліне барып білім алып жүргенде соғыс басталып, сол ата жұртымызда көз жұмды. Ал, қыдырып барған мені ағайындарым әзер дегенде от пен оқтың арасынан алып шығып, шығарып салып, Қазақстанға қайта оралып, әзер дегенде отбасыммен қауыштым. Екі қызымның мұсылмандық парызын,

жетісін, қырқын, жылын осында өткізіп, Таскөмірсайда құран бағыштадық. Денелерін алып келе алмағанымызға өкінген жоқпыз. Ата жұртымыз топырағы екеуіне бұйырғанына дәтке қуат еттік. Шешенстанда кіндік қаным тамса, Қазақстанда күні ертең денем қара жерге енбек. Оған да шүкір. «Ас ішкен табағыңа түкірме» дейді шешендер. Сол қасиетті пір тұттым. Қазақ еліне бар байлығымды берсем де қарызымнан құтыла алмаспын. Әрине, жергілікті халық отбасыма адами жақсылығын, мейірімін сыйлады. Сондықтан біз бұл елге қарыздармыз. Осы парызымнан бес күн жалғанымда құтылсам, жүгім жеңілдер еді. Оны Алла біледі шырағым,-деген екен.

Адал еңбекпен жеген ас та сіңімді екенін айтпақшымын. Абырой, атақ та, даңқ та осы адал еңбектің иелігінде. Елге сыйлы болу да осы адал еңбектен құралмақ.

Міне, осындай өз ауданымыз талай азаматтар бар, кәсібін дөңгелетіп отырған. Соның бірі кешегі Созақ ауданына сыйлы болып өткен Мұхаммед қарияның қызы Рашат. Қысы қатал, жазы жайдары Таскөмірсайда шағын шаруашылықты дөңгелетіп отыр. Оның үстіне бар малды сатып, көшіп кетсе әкесінің ащы терімен жинаған

малына кім еге болады. Қарайған төбенің басындағы атасының, әкесінің, шешесінің бейітіне кім қарайды?! Жылдар өте жермен жексен болып бір құран бағыштауға келгенде таба алмай қалармын деп қорықты. Ия, бұл мұсылмандық парыз ғана емес, ата-баба, әке-шеше рухына бас ию сынды көрінеді. Кешегі шейіт болған екі сіңілісі сонау Шешенстанға не үшін барды? Не үшін соғысты? Соны ойлады. Бабасының бейітін біреуге таптатастан, еліме еркіндік алып берсем деген жоқ па?! Расында екі сіңілісіне сондай тағдыр жазылыпты. Екеуі де артында ұрпақ қалмай, ата-бабасының жерінде жерленді емес пе?! Ерлігіне тағзым еткен өз халқы қоладан мүсін қойды. Оған да шүкіршілік. Мәңгілік шешен халқының есінде сақталатын болады. Алланың бұйыртқаны сол болты. Сондықтан да Рашат әке-шешесінің қорымын қарайғанға таптатапайын деп оншақты томпапқан қорым басына қоршау орнатқызыды. Енді солардың қасындағы қарашаңыраққа ие өзі болып қалды. Қасында інісі Ибуахмет бар. Сіңілісі Хадиша бала-шағасымен демалыста келіп кетеді.

Кейбіреулер әке-шешесін тірідей үкімет үйіне өткізіп жатқанын көріп, естігенде тастөбең шымырлайды да, «біз қайда барамыз?» дейсің. Ал, мына тау қызы-Рашаттың құба таудың бір табанында қалқып тұрған қарашаңыраққа қарауыл бола отырғанын көріп жүрегің жылиды. Сол Рашат әпкеміз мыңғыртып мал айдамада өз басына жетер, ағайынға жарар малы бар. Әкеден қалған малдың басын азайтқан жоқ. Әкесінің елге істеген ісін жоғалтқан жоқ. «Береген қолым алаған» деп күн кешуде. Әкесінің тірі кезінде сыйласқан дос-жарандармен әлі күнге дейін отбасымен араласуда. Біреуін ағайындай, біреуін бауырындай жақын тартуда. Өздері күтіп баққан малдың еті мен сүтін, майы мен құртын отандық өнім ретінде елге тұтынып келеді. Кейде тапсырыстар да болып жатады. Таудың таза табиғи шөбін, бұлақтың мұздай мөлдір суын ішкен малдың еті қашанда тәтті, дәмді болары ақиқат. Сондықтан да тұтынушысы көп болады. Адал еңбектің еншісін осылай көруде. Рашат әпкеміз Алланың аманаттарының бірі бес уақыт намазға жиырма жылдан бері үзген емес. Қажылық парызын екі рет өтеп келді. Жалындаған жиырма, жиырма бес жасы болмаса да сол табиғи өнімдерді тұтынудың арқасында жетпісті мойындап отырған жоқ. Қажыр қайратымен қарашаңырақтың қамын жалғастыруды. Қашан көрсеңізде Рашат әпкеміз қайнаған тіршіліктің ортасында жүреді.

Мақсат ҚАРПАБАЙ.

Нитраты көп көкөністерден сақтаныңыз!

Қазіргі уақытта бақша өнімдері арасындағы қауын мен қарбыздан улану фактілері жиі кездеседі. Қарбызда рсаудаға маусым айынан бастап түсуде. Бірақ тұрғындар бұл кездегі қарбыздардың көпшілігі қауіпті екендігін есінде сақтағаны жөн. Өйткені өрттеп іскен қарбыз құрамында нитрат мөлшері шамадан тыс болады. Мамандардың айтуынша, ең жылдам пісетін қарбыз сұрыптарының өзі шілде айының соңына қарай пісуге тиіс. Сондықтан қарбыз жеудің қолайлы уақыты – шілде айының соңы мен тамыз айы. Бұл – өнімнің нағыз пісетін уақыты. Әрі осы кезде жергілікті өнімдер де саудаға шығады.

Тағы бір ескертетін жайт, ерте піскен жеміс-жидектер мен көкөністерді тек қана арнайы дүкендер мен базарларда сатылған жағдайда тұтынған дұрыс. Себебі ол нысандарды қадағалау органдары үнемі тексереді. Айта кетейік, нитратсыз бұл дақылдардың өсуі қиындау. Сол себепті де, шаруалар мұндай қоспаларды пайдалануға мәжбүр. Талап бойынша, нитраттың негізгі жарамды көрсеткіші қауында – 90 мг/кг, қарбызда – 60 мг/кг болу керек. Ал артық нитраттар бауыр, бүйрек ауруына, асқазанның қатерлілігіне, жүйке және жүрек-қан тамыр ауруларына алып келіп, иммунитеттің төмендеуіне негіз болады. Қарбыздан уланған адамның

1-2 сағаттың ішінде қызуы көтеріліп, басы ауырады және жүрегі айниды. Мұндай жағдайда бірден дәрігерге хабарласқан жөн.

Жедел ішек инфекцияларының алдын алу үшін бау-бақша өнімдерінің сапасы мен оның дұрыс сақталғандығына ерекше мән беру қажет. Нитраттар қарбыздан бөлек, қырық қабат, қияр, сәбіз және көк шөптерде де жиі кездеседі. Өнімді көп және тез арада жинау мақсатында жеміс-жидек пен көкөніске тыңайтқыштар қосылады. Оның бірі азот қышқылының тұзы – нитраттар. Тыңайтқыштың аз мөлшері біздің ағзамызға өз зиянын тигізбегенімен, олардың шектен тыс мөлшері өте қауіпті. Адам ағзасына түскен нитраттар тотығу үдерісінің нәтижесінде нитриттерге, яғни уға айналады. Нитриттердің нитраттардан айырмашылығы, олар қан эритроциттеріне кері әсер етеді. Эритроциттердің құрамындағы гемоглобин мен нитриттер байланысып, мет гемоглобин құрайды, бұл өз кезегінде оттегі тіндерге тасымалдау қабілетін қиындатады да нәтижесінде адам ағзасының оттегімен тыныс алуы нашарлайды.

Бұл, әсіресе, балаларға, егде жастағылар мен жүкті әйелдерге өте қауіпті. Сондай-ақ, нитраттар аллергияға себеп болып, қалқанша безі, зат алмасу және орталық жүйке жүйелерін зақымдайды. Ал оның шектен тыс мөлшері

улануға, кей жағдайда адам өліміне де әкеліп соқтырады. Қарбыз құрамындағы нитраттарды анықтаудың бірнеше халықтық тәсілі бар. Егер өнімді қақ ортасынан бөлгеннен кейін бетінде ақ немесе сары талшықтар көзге көрініп тұрса, оны жеуге асығудың қажеті жоқ. Екінші тәсіл бойынша, қарбыздың мәйегін алып, ыдыстағы суға салған жөн. Су алқызыл түске боялса, бұл өнімнен мүлде бас тартқан абзал. Қарбыз бен қауындарды таңдау кезінде қателеспес үшін ең бірінші заңсыз ұйымдастырылған базарларда сауда жасамауды әдетке айналдыру керек. Сондай-ақ, қарбыздарды жол шетіндегі сауда орындарынан сатып алуға болмайды, өйткені оларға автокөлік газдарының құрамында болатын ауыр металдар тез жиналады. Мұндай қарбыздар түрлі жұпалы ішек ауруына әкеп соқтыруы әбден мүмкін. Сатушыдан өнімнің қауіпсіздігін растайтын құжаттарды сұрауды да естен шығармаған жөн. Алайда елімізде мұндай талаптарға назар аударатындар шамалы. Көкөніс, жеміс-жидек пен бақшалық өнімдерді сатып алу кезінде олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын, құрамындағы нитраттардың деңгейін анықтайтын ілеспе құжаттарын сұраған жөн. Өз денсаулығың-өз қолыңда!

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ
басшысы.

Дала, орман өрттерінен сақ болайық!

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары бәрімізге белгілі, дала орман өрттері табиғи немесе жасанды болуы мүмкін.

Табиғи дала орман өрттері найзағайдың әсерінен, күннің қатты яғни 45-50 С қыстығының әсерінен құрғақ шөптердің өздігінен жануы мүмкін себебі олардың тұтану температурасы жоғары болады;

Жасанды дала орман өрттері адамдардың күнделікті өрт қауіпсіздік ережесін сақтамағандықтан пайда болатын өрттер. Адамдардың шылым шегіп толықтай сөндірмей тастап кеткенінің әсерінен, кішкентай балалардың сірікмемен ойнау нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Сондықтан да 2022 жылы болуы мүмкін дала және орман-тоғай өрттерінің алдын

алу мақсатында төмендегі іс-шараларды орындау қажет:

- Шаруа қожалық иелері өздерінің егістік алқаптарының айналасына минералды жолақтар жүргізуі қажет;

- Барлық ауыл шаруашылық техникалары ұшқын ұстағыштармен, екі дана өрт сөндіру құралдарымен (огнетушитель) жабдықталуы тиіс;

- Мал азығын даярлау, егін ору кезінде шаруа қожалық иелері бірігіп ортадан бір өрт сөндіруге арналған соқалы тракторды кезекшілікке қою қажет;

- Дала, орман өрттерінің алдын-алу шараларында, орманның аса өрт қауіпті аймақтарына адамдар мен техникалардың кіріп шығуына шектеу қоюға;

- Дала, орман өрттеріне қарсы өзара бірлескен іс-қимыл жоспарын жасап, ор-

ман қоры жерімен шекаралас аймақтарда өрт қауіпі маусымы кезінде ауыл округі бойынша ерікті өрт сөндіру жасақтарын ұйымдастырып, құрамы бекітіліп дайын болуы қажет;

- Ауыл әкімдіктеріне шекаралас орналасқан орман қоры жерлеріне өрт сөндіруге бейімделген және жанар-жағар маймен қамтамасыз етілген техникалар жасақталып дайындықта тұруы керек;

- Бидай немесе шөп ору науқанында желді күні ору жұмыстарын тоқтатуын қамтамасыз ету қажет;

Әлібек БАҚЫТБЕКҰЛЫ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы
азаматтық қорғау капитаны

Бәйге!Бәйге!Бәйге!

ҚҰЛЫНШАҚ КЕМЕЛҰЛЫНЫҢ АТЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ

Құрметті ауданның шығармашылық өкілдері!

Қазақ халқының біртуар ұлы, ақын, жырау, жыр сүлейі Құлыншақ Кемелұлының атындағы шығармашылық бірлестіктің құрылғанына 30 жыл толуына орай аудан көлеміндегі шығармашылық өнерін жанына серік еткен барша қалам ұстаған қаламгерлер мен жаңадан талаптанып келе жатқан жас буындар арасында шығармашылық бәйге жариялап отырмыз. Бұл бәйгеде ақындардың жасы 16 жастан жоғары болуы керек. Өздерін қалам ұстаған шығармашылық өкілі ретінде ақын Құлыншақ Кемелұлына бір арнау өлең және Созақ ауданында ғұмыр кешіп шығармашылықпен айналысқан ақын-жазушылардың, сазгерлердің рухына арнап бір өлең арналуы тиіс. Ол азаматтар қатарында Бөрғазының Өскені, Жәніс Қарғабаев, Сағынтай Байділдаев, Қазыбек Мыңжанов, Ескермес Жақсымбетов, Әділбек Нысанбаев, Қыдырәлі Ахметов сияқты шығармашылық өкілдері атынан номинациялар белгіленеді.

Сонымен қатар, Бас жүлде «Құлыншақ Кемелұлы атындағы сыйлықтың иегері» деген төсбелгімен және I-орын, II-орын, III-орын иелері арнайы сыйлықтармен марапатталады. Байқау 2023 жылдың тамыз айының 17 жұлдызында өтеді. Оған дейін байқауға қатысушыларға кең уақыт беріп отырмыз. Әбден сараптап, пісіріп, жаттап, дайын күйінде келулеріне мүмкіндік бар. Бұрын жарияланған өлеңдер қабылданбайды. Әрине, байқауда сахна мәдениеті, оның ішінде жүріс-тұрысы, киімі, сөз саптауы, өз шығармасын мәнерлеп оқулары және шығармаларын кешіктірмей да ескерілетін болады.

Шығармалартамыз айының 17 жұлдызынан кешіктірмей тапсырылуы тиіс. Сондай-ақ, түскен шығармаларды бірлестік жанынан құрылған әділ қазылар алқасы сараптап саралайды.

Құлыншақ Кемелұлының атындағы шығармашылық бірлестігі.

Байланыс телефондары: 8-701-284-85-22, 8-702-782-25-69
Sozak_kargabay@mail.ru.

Бәйге!Бәйге!Бәйге!

Ақын, Ұстаз, «Құрмет» орденінің иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы Бөрғазының Өскенінің 80 жылдығына орай өтетін жыр мұшайрасы

Құрметті ауданның шығармашылық өкілдері!

Ақын, Ұстаз, «Құрмет» орденінің иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы Бөрғазының Өскенінің 80 жылдығына орай аудан көлеміндегі шығармашылық өнерін жанына серік еткен барша қалам ұстаған қаламгерлер мен жаңадан талаптанып келе жатқан жас буындар арасында шығармашылық бәйге жариялап отырмыз. Бәйгенің басты мақсаты ақын Бөрғазының Өскені шығармаларын жас ұрпақ пен аудан жұртшылығына кеңінен насихаттау болып табылады. Бұл бәйгеде ақындардың жасы 16 жастан жоғары болуы керек. Өздерін қалам ұстаған шығармашылық өкілі ретінде ақын Өскен Бөрғазыұлына бір арнау өлең және ақын шығармашылығынан бір өлеңді жатқа мәнерлеп айту.

Сонымен қатар, Бас жүлде, I-орын, II-орын, III-орын иелері арнайы ақшалай және заттай сыйлықтармен марапатталады. Мұшайра 2023 жылдың тамыз айының 12-ші жұлдызында Созақ ауылдық мәдениет үйінде өтеді. Оған дейін байқауға қатысушыларға кең уақыт беріп отырмыз. Әбден сараптап, пісіріп, жаттап, дайын күйінде келулеріне мүмкіндік бар. Бұрын жарияланған өлеңдер қабылданбайды. Әрине, байқауда сахна мәдениеті, оның ішінде жүріс-тұрысы, киім киісі, сөз саптауы, өз шығармасын мәнерлеп оқулары ескерілетін болады.

Шығармалар тамыз айының 12 жұлдызына дейін кешіктірмей тапсырылуы тиіс. Сондай-ақ, түскен шығармаларды бірлестік жанынан құрылған әділ қазылар алқасы сараптап саралайды.

Ұйымдастыру алқасы
Көштенұлы Өсербай інісі
Өскенұлы Бағлан ұлы
Байланыс телефондары: 8-701-289-21-04,
8-702-782-25-69
Sozak_kargabay@mail.ru.

Анашым сізді мәңгі ұмытпаймыз...

Шолаққорған ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл әже **Орынтайқызы Аяш** анамыздың дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Өсиетің орындалар бізге берген, Жан анам перзенттерің сізге сенген.

Ажалдың уысынан ала алмадық,

Тағдырдың сынағы ғой бізге берген. Сағынамыз, шыдаймыз амал бар ма?



Басамыз сіз нұсқайтын қадамдарға.

Анашым сізді мәңгі ұмытпаймыз,

Ұмытпайды ауыл да, адамдар да, - деп, асыл анамыз **Аяш Орынтайқызының** рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 18 тамыз күні (17 тамыз – қонақ асы) Шолаққорған ауылы, Т.Әубәкіров көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: Бекқұлиевтар әулеті.

Ауырып ем іздегенше, ауыр-майтын жол іздейік, ағайын!

Иә, өзімізше XXI ғасырда, ғылым мен технология дамып, шарықтаған шақта өмір сүріп жатырмыз деп қаламыз ғой кейде. Ол рас, ертеңін ойлаған елдер ғылым мен технологияны бәрінен үстем қойып, қазыналарындағы қаржыларының көп бөлігін ел болашағы балаларының осы бағытта білім алулары үшін жұмсауда. Әсіресе, медицина саласында ілгерілеушілік бар. Әрине, менің бұл сөзім батыс елдерінің медицинасына қатысты. Әйтпесе, біздің отандық медицинаны мақтап отыр екен деп, ертең біреу болмаса біреу дау соғуы мүмкін ғой. Жарайды, бұл енді өз алдына бір тақырып. Менің бүгінгі тақырыпты көтеріп отырғандағы айтайын дегенім мынау еді: Жоғарыда айтқанымдай, ғаламшарымызда ғылым мен технология мың жерден қарыштап дамыды десек те, соңғы сөз еткенім заманауи медицина XXI ғасырда пайда болып жатқан ауру түрлерін емдеуде дәріменсіз боп келе жатыр. Бұған мысал ретінде кешегі, әлем медицинасын тізе бүктірген «тәжіндет» (коронавирус) дертін қарастыруға болады. Астарында саясат, қыруар қаражат көздері жатқан бұл бүкіләлемдік дерт мыңдаған адамдардың өмірін алып кетті. Осы жерде: «Егер медицина саласы алға ілгерілеп, заманауи технологиялар қарыштап дамып жатса, онда неге: қатерлі ісік, қант диабеті, қан тамырлары мен түрлі жүрек аурулары және аутизм, дцп сынды (балалар аурулары) сырқаттардың түрі көбейіп, оларды емдеуде, алдын алуда дүние жүзінің денсаулық сақтау саласы дәріменсіз боп отыр. Оның себептері көп. Солардан бірнешеуіне осы мақала барысында тоқталғым кеп отыр. Біріншіден, біздің адамзат қоғамы тек денсаулық сақтау саласы бойынша ғана емес, барлық мәселеде дін менен дәстүріміздегі озық қағидаттарға сүйенуді мүлде қойғанбыз. Солардан нақ осы денсаулыққа қатысты айтылған ақыл мен нақылға толы даналықтарға тоқталып өтейікші: Ендеше, әуелгі кезекті бар нәрсенің бастауы болған Құран мен Сүннетке негізделген діни даналықтарға берейін! Құранда Ұлы Алла тағала адамзат баласына өздерін көпкөрнеу өлтірмеуді бұйырады және ондай оқиға орын алған жағдайда ақыретте есебі болатынын ескертеді. Осы жерде өздеріңді көпкөрнеу өлтірмеңдер дегенде Жаратушы Иеміз екі нәрсені, тура және астарлы мағына мензеп отыр. Тура мағынасы сол: өздеріңді атып,

асып, көліктің астына тастап, у шіп т.т жолдармен өлтірмеңдер деп қатаң қайтарды. Ал енді, астарлы мағынасы: Арақ ішпендер, темекі шекпендер, зина жасамаңдар, құмар ойнамаңдар т.т деп, мұндай жаман әдеттердің де пендеге дүние-ақыретте зиян келтіретініне мензеп отыр. Осылардан: арақ, зина және құмар ойындары сол жаман істермен айналысушыларды ғана қамтымайды, яғни, олардың денсаулығын нашарлатып, өліміне себеп болумен шектелмейді. Керісінше, қаншаласа отбасылардың ойран болуына, балалардың жетім, аналардың жесір қалуына, нешелеген бейкүнә сәбилердің мүгедек болуына алып келуі бек мүмкін. Ал, наротик қолданып, анаша мен кальян шегу, темекі тарту, түрлі газды-бояу (кола, пепси, фанта, спрайт сынды) және энергетикалық (горилла, дизи) сусындарды ішу кісіні түбі айықпас дертке, соңы өлімге әкелуі ықтимал. Мұны, қазіргі таңда денсаулық саласына қатысы бар дәрігер, емшілердің барлығы айтып жүр. Тіпті, нақ осы тақырыпта тренинг сабақтар өтізіп, халықтың қалтасын қағып жүргендер де аз емес. Әрине, егер еңбектері жанып, адамзат қоғамының, халқымыздың жаны мен тән саулығына септігі тиіп жатса, тапқандарын отбасыларының игілігіне жұмсауынан басқа айтарымыз жоқ. Ал енді заманауи тілмен айтсақ, денсаулыққа қатысты ең мықты лайфхак басқа емес, адамзаттың асылы ардақты Пайғамбарымызға тиесілі екенін біреу білсе, біреу білмейді. Сонымен, екі дүниенің саруары адамзат баласының денінің сау болуының басты себебі ретінде мынаны айтады: «Мұсылман адам асқазанын үшке: ауаға, су менен асқа бөлуі тиіс!» дейді. Тағы бір хадисінде: «Мұсылман адам тамақтанған кезде асқазанын үшке бөледі. Ал, мұсылман еместер немесе надан мұсылмандар асқазанын тек асқа толтырады» деген. Тағы бір хадисінде: «Дүниедегі ең жаман ыдыс, кісінің асқазаны» деп, түбі адамзаттың денсаулығының бұзылып, өліміне себеп болатын дүние-тамақтану әдебіне, гигиенаға жат, көрсеқызар, қомағай әдеттерден сақтандырады. Ал енді, тағы да сол заманауи тілмен жеткізсем, әлемдік деңгейдегі лайфхактарға (пайдалы кеңестерге) толы Құран мен Сүннеттен сусындап, салт-дәстүрін түзген дана бабаларымыз да бұл тақырыпта азы пайдалы кеңес айтпағаны ақиқат. Сондай, лайфхактардан бірнешеуін назарларыңызға



ұсынаын: Әрине, бүгінгі мақалама тақырып етіп алған: «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде!» деген даналық дана бабаларымыздан қалған барша лайфхактардың басында келеді. Келесі лайфхактарда садаған кетейін аталарымыз: «Ауру астан, дау қарындастан»; «Ішің ауырса, ауызыңды тый!» деген. Міне, осындай рухани құндылықтарымыздан хабарсыз болғандықтан немесе хабардар болсақ та, қаперімізге алмағанымыз есепті, өзгенің қаңсығын таңсық қылған қай кездегі әдетімізбен өзгенің лайфхактарын оқып-біліп, бір-бірімізге насихаттап, сатып күн көріп жүрміз. Өне, ағайын! Бұл тұтастай адамзат қоғамының, бүтіндей қазақ халқының денсаулығын түзеп, иммунитеті мықты ұлт қалыптастыруда таптырмайтын хақ дініміз бен дәстүрімізге негізделген лайфхактар еді! Екіншіден, көптеген аурулар тұқым қуалайтын көрінеді. Сол себепті де қазіргі таңда көптеген ғалымдар жастарымызға үйлесім алдында тегіне қарағаны секілді, тұқым қуалайтын ауру бар-жоғына да қараңдар деп жатыр. Себебі, баланың мінезі мен тәрбиесіне анасының тегі әсер еткені сияқты, генінде бар ауру да баланың денсаулығына тікелей әсер етеді деу-де. Үшіншіден, қоршаған ортаның адамның денсаулығына көп әсері болады. Бұған дәлел, XX ғасырдың тағы бір дерті «Семей» полигоны жабылғанға дейін қазақ даласында қаншаласа аурулардың мутацияланған түрлері шығып кетті. Нәтижесінде, киелі Семей жерінде қаншаласа балалар дүниеге

мүгедек боп кеп жатты. Дәл осындай жағдай АҚШ-тың «Невада» штатында да, Жапон елінің «Хиросима және Нагасаки» қалаларында орын алды. Кейін, қазақ қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов ұйымдастырған «Невада-Семей» атом бомбасының жарылысына қарсы қозғалысының нәтижесінде бұл ғасыр дертіне де тоқтау салынды.

Төртіншіден, адамзат қоғамын алаңдатқан айықпас ауру біткеннің 70 пайызына себеп ретінде ғалымдар дұрыс тамақтанбауды көрсетіп отыр. Нақтырақ айтсам, бүгінгі күні ауыл шаруашылығы саласына ГМО (генно модифицированный организм) дендеп еніп алды. Сырт көзге ауыл шаруашылығы өнімдерін ірі, көз тартымды, оңайлықпен шірімейтін етіп көрсететін және құрт, қоңыз және тышқан тимейтін дәмді-дақылдар, көкөністер мен жеміс-жидектер және бидай өнімдері базар нарығын жаулап алды. Ал енді, осылардан бір ғана жоғары сортты ұндарға қамбаларда тышқан тимесі үшін мысықтың генін енгізеді екен. Сондай-ақ, бүгінгі таңда базарлар мен дүкендердегі алма, алмұрт және анар секілді жемістер де әдеттегіден ұзақ сақталады және оларға да құрт түспейді. Міне, осының барлығына себеп сол ГМО. Бұдан бөлек, қазіргі кезде базар, дүкен сөрелерінде жүрген бақша өнімдері, дәмді-дақылдар, көкөністер мен жеміс-жидектердің көпшілігіне дихандар селитра мен амофос секілді химиялық тыңайтқыштарды өкіртіп береді. Олардың мақсаты өйтіп-бүйтіп өнімдерін ертерек шығарып, пісіріп, на-

рыққа шығару ғана. Әрине, барлығы емес. Дегенмен, көпшілігі сол химиялық тыңайтқышты шамадан тыс беріп жатады. Мұны биылғы жылдың өзінде әлемеметтік желілер арқылы таралған, тұтынушылардың жан-айқайына толы бейнематериалдардан көріп, тамашаладық. Тағы да, «Созақ үні» газетінің бүгінгі № 57 санында Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының «Нитраты көп көкөністерден сақтаныңыз» деген тақырыпта материалы жарияланып отыр. Сол мақалада: «Қазіргі уақытта бақша өнімдері арасындағы қауын мен қарбыздан улану фактілері жиі кездеседі. Қарбыздар саудаға маусым айынан бастап түсуде. Бірақ тұрғындар бұл кездегі қарбыздардың көпшілігі қауіпті екендігін есінде сақтағаны жөн. Өйткені, ерте піскен қарбыз құрамында нитрат мөлшері шамадан тыс болады. Мамандардың айтуынша, ең жылдам пісетін қарбыз сұрыптарының өзі шілде айының соңына қарай пісуге тиіс. Сондықтан қарбыз жеудің қолайлы уақыты – шілде айының соңы мен тамыз айы. Бұл – өнімнің нағыз пісетін уақыты. Әрі осы кезде жергілікті өнімдер де саудаға шығады.

Ерте піскен жеміс-жидектер мен көкөністерді тек қана арнайы дүкендер мен базарларда сатылған жағдайда тұтынған дұрыс. Себебі ол нысандарды қадағалау органдары үнемі тексереді. Айта кетейік, нитратсыз бұл дақылдардың өсуі қиындау. Сол себепті де, шаруалар мұндай қоспаларды пайдалануға мәжбүр. Талап бойынша, нитраттың негізгі жарамды көрсеткіші қауында – 90 мг/кг, қарбызда – 60 мг/кг болу керек. Ал артық нитраттар бауыр, бүйрек ауруына, асқазанның қатерлі ісігіне, жүйке және жүрек-қан тамыр ауруларына алып келіп, иммунитеттің төмендеуіне негіз болады. Қарбыздан уланған адамның 1-2 сағаттың ішінде қызуы көтеріліп, басы ауырады және жүрегі айниды. Мұндай жағдайда бірден дәрігерге хабарласқан жөн» делінген. Бұл енді аудандық СЭҚБ-ның ұйғаруы және мәлімдемесі. Бірақ, аудан халқының эпидемиологиялық ахуалына жауапты мекеменің сөзімен келісуге де келіспеуге де болады. Келісетін жерім, жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің құрамында нитраттың пайызының көп болуының адам ағзасын улап, оның соңы ауруға, тіпті өлімге де ұласуы мүмкін.

Данияр БЕК.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактордың міндетін

уақытша атқарушы:

Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы

Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағла АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттенді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.